

Тәрбие жұмысы жоспары

2022-2023 оқу жылы

Мұғалім: Айматова Г.М.

Сыныбы: 5,6

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
С. Казбекова / Казбекова С



I. Мақсаты

Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жақшы мәдени, сәлауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жолдары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жанғырту, девиантты мінез-құлықтардың алдын алу.

II. Міндеттері:

1. Отанының тәрдіры үшін жауапты, белсенді азаматтық позициясы бар Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын қалыптастыру және дамыту.
2. Тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Балалар мен оқушы жастарда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие, қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру бйлігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру.
4. Өскемен ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту.
5. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашақорлықты тарату және басқа да келенсіз құбылыстарды жеңуде қажет шарттарды қамтамасыз ету.

III. Нәтиже

Тәрбиеілік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиісінше орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді. Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан-жақты дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бастауы жасайды.

2022–2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының

ЖОСПАРЫ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымында қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл.
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Ғұмыстық зорлық – зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жатқайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://mao.kz/>. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірідегі № 130 бұйрығы.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асырылуы:

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі таңуын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Жоспарды жүзеге асыруға мектептің күзет қызметі мен техникалық қызметкерлерінен бастап, мұғалімдер мен директордан аяқтап, барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жаксы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ата-аналар және басқалар өздері оқушыларға еліктеудің үлгісі бола отырып – зиянды әдеттерсіз, балаларға және бір-біріне мейірімді; қарым-қатынаста ашық және сынамайтын құндылықтар дарытады.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастық жүзеге асырады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарына оқу, сабақтан тыс және қоғамдық маңызды жұмыстарын ұйымдастыру жатады.

Білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

2022-2023 оқу жылында тәрбие үрдісінде баса назар аударылатын мәселелер:

1. Кәмелетке толмаған балаларға сол секілді олардың отбасыларына жайсыздық фактілері анықталған кезде жедел тиімді профилактикалық алдын алу жұмыстарын атқару.
2. Мектеп және отбасы арасындағы құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық үйлесімді қарым-қатынасты үздіксіз дамыту;
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында пәндік және спорттық үйірмелер жұмысын жүйелі ұйымдастыру;
4. Балаларды дұрыс тәрбиелей алаушы отбасылардың негізгі проблемалары мен оның шығу себептерін анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу;
5. Мемлекеттің қамқорлығын қажет етуші отбасына өмірлік қиыншылықтар туындаған жағдайда қол ұшын беру, заң аясында әлеуметтік көмек алу мақсатында құқықтық кеңестер беру, психологиялық қолдау көрсету;
6. Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту аясында семинар-кеңестер, кәсіби байқаулар, педагогикалық оқылымдар ұйымдастыру;
7. Мектеп оқушыларының өмірі мен денсаулығын қорғау, оқушы қызметінің құқықтық жауапкершілігі мен заңға мойынушылық мінез-құлқын қалыптастыру аясында әр күні бақылау, қадағалау жұмыстарын жүргізу;
8. Тәрбие жұмысының сапасы мен нәтижесін анықтаудың мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру;

II. Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Орта білім беру ұйымындағы сабақ және сабақтан тыс жұмыстар тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүзеге асырылады, олар келесі құндылықтар жүйесін құрайды:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбиесі;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылатын жұмыс түрлері

К/с	Тақырыбы	Тәрбие бағыты	Формасы	Мерзімі	Мақсаты
Қыркүйек айы					
1	«Білімге құштарлық, еңбексүйгіштік, отаншылдық»	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Танымдық сабақ	01.09	Оқушыларды өз Отанын сүйуге, ынтымақтастыққа, бірлікке тәрбиелеу
2	Дені сау адам – жаны сау	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	Топтық жұмыс	05.09	Салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулығын күтуге, спортпен шұғылданауға дағдыландыру
3	Адал бол, адам бол	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Ой бөлісу, бейнежазба	12.09	Оқушыларды көпшеде жүріле тәрбиелеу. Жол ережесімен таныстыру, көшені қалай қиып өтуге, бағдаршамның қай түсіне өтуге болатынын түсіндіру.
4	«Ана тілін – арын бұл...»	Қазақстандық патриотизм және азаматтық	Танымдық сабақ	19.09	Тіл апталығына сынып оқушыларын қатыстыру, қазақ тілін, ана тілін кәдірлеуге баулу

		тәрбие, құқықтық тәрбие			
5	Жолда жүру ережесін білейік	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Ой бөлісу	26.09	Занды құрметтеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу

Қазан айы

6	Ұлағатты ұстазым	Рухани – адамгершілік тәрбие	Әдеби монтаж	03.10	Оқушыларды ұстаздардың ерен еңбегімен таныстыру, оларға құрмет сезіміне тәрбиелеу. Ұстаздар мейрамымен пән мұғалімдерін құттықтау
7	«Біз бақытты баламыз!»	Рухани – адамгершілік тәрбие	Танымдық сабақ	10.10	Оқушылардың рухани-адамгершілік қағидаларды өз бақыты үшін дұрыс қолдана білуге, өмірді бағалай алуға тәрбиелеу.
8	Менің сүйікті газет – журналдарым	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Эссе жазу	17.10	Оқушылардың сабақтан тыс уақытта қандай баспасөз материалдарын оқитынын, одан қандай әсер алатынын әңгімелеу
9	Әдептен озбайық	Рухани –	Сайыс сабақ	24.10	Қоғам ортасында әр оқушыға

		адамгершілік тәрбие			(қалай) сөйлеу мәдениетін, өзін ұстай білуін үйрету
Қараша айы					
10	Мейірімділік – асыл қасиет	Рухани – адамгершілік тәрбие	Танымдық сабақ	07.11	Оқушылардың мейірімділік, қайырымдылық қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту
11	Менің арманым	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Эссе жазу	14.11	Өзіне сену, өз ойы мен іс – әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дамыту
12	Күзгі табиғаттың сыйы	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Табиғатқа саяхат	21.11	Қоршаған ортаны, экологиялық тепе – теңдікті сақтау үшін әрқайсымыз үлес қосуымыз керек екендігін айту
13	Туған өлкенің төл мерейі	Ұлттық тәрбие	Бейне баян	28.11	Оқушыларға Маңғыстау өлкесі тарихын баяндап киелі орындар жөнінде түсінік беру, облыс, аудан көлемінде болған шаралар жөнінде айту
Желтоқсан айы					
14	Тәуелсіздік – ел тірегі	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Танымдық сабақ	05.12	Оқушыларға егемендікке қалай қол жеткізгенімізді, «желтоқсан құрбандарын» насихаттау, патриоттыққа тәрбиелеу

15	«Доссыз өмір – тұзсыз ас»	Рухани – адамгершілік тәрбие	Деват	12.12	Дос туыстық жолдастық сыйластық сезімдерге жақын екенін, өзіндік өзгешеліктерге ие болатынын дәлелдеу
16	Төрле, төрле, Жаңа жыл!	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Ой бөлісу	19.12	Жаңа жыл мерекесімен құттықтау, жақсы тілектер айту
17	Имандылық - инабаттылық	Ұлттық тәрбие	Кездесу, сұхбаттасу	26.12	Имандылық – ізгіліктің негізі екеніне көздерін жеткізу
Қаңтар айы					
18	«Сіз қандай ата-анасыз?»	Отбасы тәрбиесі	Ата-аналарға арналған сауалнама	09.01	Отбасылық тәрбие арқылы отбасылық дәстүрлерді сақтауға және отбасының әлеуметтік – мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағыттау
19	Әділдіктен асқан ізгілік жоқ	Рухани – адамгершілік тәрбие	Пікірталас	16.01	Әр оқушының өзін – өзі адамгершілік жақтан кемелдендіру екенін ойдан шығармау керектігін ұғындыру
20	Рәміздер – ұлт мақтанышы	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Бейне баян	23.01	Мемлекеттік рәміздерінің халқымыз үшін маңызын, олардың рөлін айту
21	«Есіңе мені алғайсың»	Зияткерлік тәрбие	Манерлеп оқу	30.01	М.Макашевтың өмірі, шығармашылығы жайлы

		ақпараттық мәдениеттік тәрбие			мағлұмат беру, өлең, жырларын оқу
Ақпан айы					
22	Ұлттық салт – дәстүрлер жайында не білеміз?	Ұлттық тәрбие	Сұрақ – жауап	06.02	Ұлт мұрасын, салтын сақтай білуге үйретуге және ұлттық киімдер, ұлттық аспаптар, әшекей бұйымдар жөнінде түсінік қалыптастыру
23	Ана – бақыт, ана - күн	Отбасы тәрбиесі	Танымдық сабақ	13.02	Аналардың қоғамдағы орнын анықтау. Әйел – ананы сыйлап, қадірлеуге үйрету. Аналарды алдағы мейрамы мен құттықтау
24	«Досы көпті жау алмайды»	Рухани – адамгершілік тәрбие	Топтық сабақ	20.02	Достықты, сыйластықты қадірлей білуге тәрбиелеу
25	Боулар сыр шертеді	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Сурет салу	27.02	Оқушылардың ой – қиялдарын бейнелеу өнері арқылы жеткізуге тәрбиелеу
Наурыз айы					
26	Нұр себеле – Ұлыстың ұлы күні	Рухани – адамгершілік тәрбие	Топтық жұмыс	06.03	Наурыз мейрамына дайындық, оқушының таным – түсініктерін кеңейту
27	Мен отбасымды жақсы көрем	Отбасы тәрбиесі	Ой толғау	13.03	Отбасының мүшелерінің арасындағы әңгімелесу әдеп нормалары туралы айтып беру

28	Тазалық – денсаулық кепілі	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	Танымдық сабақ	27.03	Оқушыларды салауатты өмір сүруге, спортпен шұғылландуға, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу
Сәуір айы					
29	«Талқыр болсаң шешіп көр»	Зияткерлік тәрбие акпараттық мәдениеттік тәрбие	Математикалық сайыс	03.04	Оқушылардың таным түсінігін кеңейту, білімді насихаттау, жылдамдыққа, ойын ашық жеткізуге дағдыландыру
30	Т.Бигелденовтың 100 жылдығы	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Слайдпен жұмыс	10.04	тұлғаның жалпымәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау.
31	Құстар біздің досымыз	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Ой қозғау	17.04	қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол, ізгілікті, мәдениетті жоғары ұрпақ тәрбиелеу;
32	Елім менің – Қазақстан	Қазақстандық патриотизм және азаматтық	Бейнежазба көру, талқылау	24.04	Қазақ жерінің өз отанымыздың, еліміздің, тәуелсіздік алған кезін насихаттап, оқушылардың

		тәрбие, құқықтық тәрбие			бойындағы табиғи талантын ұштау
Мамыр айы					
33	1 мамыр «Ұлттар достығы»	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Танымдық сабақ	01.05	Ұжымдық еңбекке тәрбиелеу, өздігінен іздене білуге үйрету, өз ана тілі мен қатар өзге тілдерді құрметтеуге тәрбиелеу.
34	9 – Мамыр – Жеңіс күні!	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Бейнежазба көру, талқылау	08.05	Оқушыларды Отанға сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеу, Отанды қорғауға, батыл да батыр ержүрек болуға үйрету
35	Ғаламтор сөйлейді	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	ой қозғау, слайдпен жұмыс	15.05	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.
36		Рухани-адамгершілік	Пікірлеу	22.05	Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық

	Адамгершілік асыл қасиет	тәрбие			құндылықтарымен, нормалары мен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын қалыптастыру.
37	Отбасым асыл қазынам	Отбасы тәрбиесі	Бейнежазба көру, талқылау	29.05	Жанұядағы ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту.